

Сонымен қатар, бүкіл әлемде коронавирус пен экономиканың тоқырауына байланысты барлық мәселелерге қарамастан, Қазақстан 2020 жылы да осындай ұстанымды сақтай алды.

Есепке сәйкес, мықты ұлттық бренд пен елдің ұлттық имиджі кіру туризмін дамытуға белсенді ықпал етіп қана қоймай, басқа елдермен экономикалық ынтымақтастық орнатудың драйвері болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. The Travel & Tourism Competitiveness Report 2019 Travel and Tourism at a Tipping Point // URL: http://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2019.pdf. 27.12.2020.

2. Доходность туристического сектора в Казахстане может увеличиться до 200 млрд тенге в год // URL: http://www.dailynews.kz/analytics/dohodnost_turisticheskogo_sektora_v_kazahstane_mozhet_uvelichitsja_do_200_mlrd_tenge_v_god. 15.02.2020.

3. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 Қаулысы // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>. 30.10.2020.

4. Пандемия — убийца туризма: за год мировой поток иностранных туристов сократился сразу почти вчетверо // URL: <http://www.energyprom.kz/ru/a/monitoring/pandemiya-ubijca-turizma-za-god-mirovoj-potok-inostrannyh-turistov-sokratilsya-srazu-pochti-vchetvero>. 18.03.2021.

УДК 338.48

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЕМДІК (МЕДИЦИНАЛЫҚ) ТУРИЗМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


Асылжан Айзада Болатжанқызы

aizada.7@mail.ru

«Туризм» мамандығының 3-ші курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Тлеубаева

Емдік туризм Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыруда көптеген аспектілердің жетекшісі болып табылады. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, емдік туризм қысқа мерзім ішінде экономиканың ең табысты саласына айналуы мүмкін. Зерттеу тақырыбының өзектілігі емдік-сауықтыру туризмі дамуының отандық жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ететін маңызды теориялық және тәжірибелік зерттеулер қажеттілігімен анықталады. Дамыған елдермен салыстырғанда халықтың өмір сүру ұзақтығының төмен болуы, ауруға шалдығудың жоғары деңгейі, қолайсыз экологиялық жағдай және жалпы өмір сүру деңгейінің төмендігі салдарынан бұл саланы біздің елімізде дамытудың өзектілігі жоғары болып табылады. 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясында Елбасы біздің еліміздің медициналық туризмнің жетекші еуразиялық орталықтарының біріне айналатынын атап көрсетті [1]. Мәселен, Қазақстан - емдік-сауықтыру туризмі үшін керемет лайықты жер. Еліміздің санаторлы-курорттық мекемелерінің көпшілігі әртүрлі ауруларды емдеуге кең бағытталған. Оның үстіне санаторлы-курорттық мекемелерінің ерекшелігі тар мамандандырылған батысеуропалық мекемелерден айырмашылығы аурулардың кең ауқымын емдеуге бағытталуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің 2018 жылғы мәліметтері бойынша мемлекет халқының науқастану құрылымында тыныс алу органдарының аурулары (39,2%), несеп-жыныс жүйесінің аурулары (7,5%), сондай-ақ жарақаттар мен уланулар (6,8%) алдыңғы орында тұр [2]. Мысалы, Шығыс Қазақстанда орналасқан - Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында туристік-рекреациялық мақсатта орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны берілген (сурет 1).



Сурет 1 - Қатон-Қарағайда орналасқан емдеу-сауықтыру орталықтарына келетін туристердің саны

Ескертпе - ҚР ұлттық экономика министрілігі статистикасы комитеті мәліметтері негізінде әзірленген

Бірінші суреттен көріп тұрғанымыздай, Қатон-Қарағайда орналасқан емдеу-сауықтыру орталықтарына келетін туристердің саны 2015 жылдан 2019 жылға дейін өсіп отырғын. Алайда, 2020 жылы бүкіл әлемге төнген пандемия (COVID-19) жағдайы осы мәліметтерге біраз өзгерістер енгізді.

2020 жылғы зерттеулерге келетін болсақ, дүниені дүрліктірген әлемдік пандемия әсерінен, көптеген туристік мекемелер келушілерінен айырылған болатын. Бұндай ахуал біздің зерттеу объектімізді де айналып өтпеді. Облыстық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм басқармасының бастығы Жанар Сәрсенбаеваның пікірінше, 2020 жылы алдыңғы жылмен (2019 ж.) салыстырғанда туристер саны азайыпты. Бірақ, қазіргі дүниежүзілік пандемия кесірінен шетелге шығу мүмкіндігі болмағандықтан - емдік, экологиялық таза ауа жерімізге отандық келушілердің саны бірте-бірте қарқын алуда. Бұл мәліметтерден біз Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде туризмді дамыту тұрақты түрде қолғы алынғанын байқаймыз.

Осы орайда санаторлы-курорттық қызметті ұйымдастырудың қазақстандық моделі бірқатар төмендегідей кемшіліктерге ие екеніне тоқтала кетеміз:

- ✓ ілеспе сервистік қызмет көрсетудің төмен деңгейі;
- ✓ санаториялық-курорттық өнім құрылымында анимациялық-бос уақыт құрылымына назар аудармау;
- ✓ шипажайлық-курорттық сала мәселелеріне мемлекеттің қолдауының төмендігі;
- ✓ емдеу және материалдық-техникалық базаның біртіндеп ескіруі;
- ✓ санаториялық-курорттық жолдамалар құнының біршама жоғарылығы.

Қазақстандағы экономикалық дағдарыс халықтың төлем қабілеттілігінің айтарлықтай төмендеуіне алып келді, бұл санаторлы-курорттық мекемелердің қаржылық жағдайына кері әсерін тигізді. Шипажай-курорттық мекемелердің көркем жерлерде – орман алқаптарында, тау етегі және саябақ аймақтарында, тоғайларда қолайлы орналасуына қарамастан, олардың экологиялық жағдайы белгіленген талаптарды қанағаттандырмайды. Мәселен, көктемгі су тасқыны кезеңінде емдік және минералды суларда пестицидтер мен олардың ыдырау өнімдерінің қалдық мөлшері үнемі анықталады. Сауықтыру орындарының санаторлы-

гигиеналық режимінің бұзылуы - негізінен, автокөлік, жақын маңдағы өнеркәсіптік және коммуналдық кәсіпорындардың шығарындыларымен атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейіне байланысты болады.

Облыстағы санаторлық орталықтар Кеңес Үкіметі кезінен қалған үлгі бойынша жұмыс істеп келе жатыр. Ғимараттардың көпшілігінің түр-әлпеті моральды және физикалық түрде ескірген. Сондықтан да, бұл сала жақсартуды қажет етеді. Санаторийлерде демалатындар – анағұрлым төлемге қабілетті туристер, бірақ ұсынылатын қызметтердің сапасына деген сұраныс та жоғары. СПА мен сауықтыру туристері - табиғаты ашылмаған, тарихи және мәдени мұрасы бай, белсенді демалыс және демалу мүмкіндіктері көп және т.б. талаптар қояды. Осы шараларды қолдану ШҚО-ның емдік-сауықтыру туризмінің айтарлықтай дамуына үлес қосады. Қазіргі уақытта бұл аймақтың санаторийлері көбіне созылмалы ішкі ағза аурулары, тері ауруларын емдеуге бағытталған. Алайда бұл ем түрлері емханаға жүгінгеннен әлдеқайда қымбат болғандықтан, халықтың басым көпшілігі емхана, ауруханаларда емделеді. Республикамызда СПА, сауықтыру және фитнес туризмін дамытудың перспективалары өте жоғары. Туризмнің осы түрлеріне деген жақсы сұраныстан басқа, біздің елімізде де қажетті табиғи ресурстар бар (климаттық терапия, бальнеология, минералды сулары, балшық терапиясы). Сондай-ақ ұлттық парктер мен қорықтар сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізінде осы ем түрлері ұйымдастырылуы қажет.

Егер туристік агенттік медициналық бағдарламаларды жүзеге асыруда делдал болса, медициналық және сауықтыру турларды таңдауда білікті қызмет көрсету үшін туристік агенттіктердің жай-күйіне бальнеология және терапия саласындағы жоғары медициналық білімі бар мамандарды кіргізу орынды немесе мұндай қызметтерді жүзеге асырумен айналысатын фирмалар болуы керек. Емдік-сауықтыру турларын жақсарту үшін қолдануға болатын тағы бір әдіс – ол сауықтыру және медициналық қызметтерді ұсынуға мамандандырылған делдалдардың көмегіне жүгіну. Мұндай фирмалар – медициналық туризмнің туроператорлары жеке тұлғалармен де, жұмыс беруші ұйымдармен де тікелей жұмыс жасай алады, сонымен қатар сақтандыру компанияларымен және виза орталықтарымен өзара әрекеттеседі. Операцияның нәтижелері мен салдарын алдын-ала болжауға болмайтындығына және оңалту кезеңінің ұзақтығы науқастың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеретіндіктен, туристер мен пациенттерге тұрғылықты елде қажетті уақыт аралығында болу үшін арнайы медициналық визаны алу ұсынылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші кәсіпорын қызметкерлерінің пайдасына міндетті медициналық сақтандыру келісімшарттарын жасайды, және сақтандыру компанияларының медициналық шығындарды төлеуге және сақтандырылған қызметкерлерге санаторлық-курорттық емдеуге төлейтін жарналары ұйымдардың салық салу мақсаттары үшін ескеріледі. Адамдар медициналық көмек алу кезінде диагноз қою, алдын-алу, емдеу және медициналық оңалту үшін (оның ішінде санаторийлік ұйымдар негізінде де) әлеуметтік аударымдарды ала алады.

Қазақстан Республикасында ішкі медициналық туризмді дамыту үшін жұмыс берушілерді, сақтандыру компанияларын және сақтандыру қорларын тарта отырып, медициналық және сауықтыру, әсіресе медициналық турларды сақтандыру жүйесін кеңінен енгізу қажет. Медициналық туризмнің қосымша ағындарын тарту үшін Қазақстанның емдеу-сауықтыру курорттары мен медициналық мекемелерін халықаралық медициналық қызметтер нарығында алға жылжытқан жөн. Сонымен қатар, сақтандырудың кепілдік беру жүйесін құруға және халықаралық нарықта медициналық және санаторлық қызметтерді маркетингтік жылжытуға жәрдемдесудің маңызы зор. Медициналық бірлестіктерімен өзара іс-қимылы ілгерілеуі керек.

Шығыс Қазақстан облысында емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін және де облысты санаторлық курорттық орталыққа айналдыру үшін келесі шаралар ұсынылады:

✓ курорттық қызмет түрлері (жалдамалы тұрғын үй, сауда, тамақтану, жалға беру жабдықтары, тұрмыстық қызмет және басқа да курорттық қызмет түрлері) бойынша кәсіпкерлерді тіркеуді жүзеге асыру;

- ✓ курорттық бизнеспен айналысатын қызметкерлер үшін тренингтер өткізу, туристік фирмалар мен курорттарды кең көлемде сертификаттау;
- ✓ курорттық нысандардың бос аудандарын шағын бизнеске жалға, сенімгерлікпен басқа нысандарға беру;
- ✓ курорттық мекемелердің жыл бойғы жұмысының шетелдік тәжірибесін енгізу, қызмет көрсету сапасын жақсарту және қызметтер көлемін арттыру;
- ✓ электрмен, жылумен және сумен жабдықтау жүйесін жақсарту;
- ✓ қалалар мен ауылдарды көгалдандыру, саябақ ансамбльдерін орналастыру, облыстағы барлық көлдердегі демалыс орындарындағы аула суларының ағындарын шығаратын арнайы көліктер сатып алу;
- ✓ қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтар полигондарын ұйымдастыруға, барлық көлдердегі жағажай аумағы мен санаторийлердің іргелес аумағын тазартуға барлық шаруашылық субъектілері мен аймақтың табиғат пайдаланушыларын тарту;
- ✓ халықтың емделуі мен демалуы үшін климаттық, бальнеологиялық факторлардың тиімді пайдаланылуын демалушыларды қабылдауға арналған санаторийлерді салу кезінде бақылау қажет;
- ✓ демалыс үйлерінде, курорттарда, балалар сауықтыру орталықтарында мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру және туристік іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ✓ ұлттық сувенирлерді, курорттық аймақтың көрінісі бар ашық хаттарды сататын дүкендер желісін ұйымдастыру;
- ✓ жол желісіне қажетті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу [3].

Осы шаралардың негізгі мақсаты – аймақтағы курорттық қызметтерге халықаралық сертификат алу. Бұл Шығыс Қазақстан емдік-сауықтыру туризмін жаңа деңгейге көтеріп, Қазақстан брендіне айналуға ықпалын тигізеді. Сонымен бірге, курорттық аймақтардың көлдерінің экологиялық жағдайын жақсартуды және жер үсті су көздерінің ағынды сулармен ластануының алдын алуды қамтамасыз ету қажет. Курорттық аймақ деп аталу белгілі бір нысандардың болуын талап етеді, яғни аймақта келесі объектілер салынуы тиіс:

- ✓ медициналық ғылыми-зерттеу орталығы, институт/курорттық емхана;
- ✓ сауықтыру орталықтары;
- ✓ СПА-отель;
- ✓ оңалту орталықтары;
- ✓ арнайы тамақтандыру кәсіпорындары (фито-кафе);
- ✓ коттедж тұрғын үй кешені;
- ✓ балаларға арналған емдік-сауықтыру орталықтары;
- ✓ спорттық орталықтар;
- ✓ 4 және 5 жұлдызды қонақүйлер;
- ✓ ғылыми-ақпараттық орталықтар;
- ✓ халықаралық туризм орталығы;
- ✓ көтерме сауда орындары;
- ✓ көл жағалауында соңғы үлгідегі демалыс орындары.

Осы объектілерді салу үшін аймаққа инвестиция тарту керек. Іскерлік белсенділікті күшейту қажет. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарын барынша қолдау маңызды. Бірнеше шақырымға созылатын жағалық аймақта, бес жұлдызды қонақ үйлерді жағалау аймағында тікелей орналастыру үшін әлемдік деңгейдегі әртүрлі туристік және ойын-сауық кешендерімен жабдықталуы тиіс.

Сондай-ақ, туристерге төрт жүзден бес жүз төсекке дейінгі төрт жұлдызды қонақүйлер мен әртүрлі санаттағы қонақүйлер тізбегі ұсынылады. Курорттық аймақта сауықтыру орталықтары, бассейн, теннис корты, спорт алаңдары, халықаралық талаптарға жауап беретін гольф алаңдары міндетті түрде болуы шарт. Қыста курорттық аймақ бос болмауы керек, әсіресе балалар мен ересектер үшін «Диснейленд» сияқты үлкен ойын-сауық кешенін салу қажет. Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп, курорттық аймақта биологиялық ағынды суларды тазарту қондырғысын салу міндетті. Аймаққа шетелдік туристтерді тарту үшін ШҚО-

ның туристік фирмаларының халықаралық семинарлар, конференциялар, көрмелерге қатысуына жол ашып, қолдау көрсету керек. Бұл облыстың санаторлық курорттық орталықтарын шет мемлекеттерге таныстыруға әрі халықаралық байланыстар орнатуға көмектеседі.

Шетелдік туристтерді тартудың тағы бір тиімді жолы – Шығыс Қазақстан санаторлық орталықтарының басқа мемлекеттердегі медициналық ұйымдармен және туристік фирмалармен серіктестік байланыс орнатуы. Осының арқасында шетелдіктерге ШҚО-да дәрігерлік диагностика және емдеу ұсынылады. Бұл шаралардың барлығы жақын болашақта Шығыс Қазақстанда әлемдік масштабтағы заманауи курорттық аймақ құруға мүмкіндік беретін аймақты дамытудың өңірлік бағдарламасына енгізілуі керек. Көлікке қол жетімділік проблемалары сол күйінде қалып отыр. Магистральдық автомобиль жолдарының сапасының төмен деңгейі, әуе байланысының болмауы және теміржолмен жолаушыларды тасымалдау жылдамдығының шектеулі болуы аймақты танымал курорттық орталыққа айналдыруға кедергі келтіріп отыр. Туристік инфрақұрылым проблемаларын шешу туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды едәуір алға жылжытады.

Курорттық аймақта санаторий-курорттық мекемелердің, демалыс орындарының көп екендігіне қарамастан, проблемалар әлі де сақталуда – көбінесе бұл қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, қызметтердің көлемі мен ауқымының жеткіліксіздігі. Сондықтан, аймақта халықаралық стандартқа сай білім беру жолдарын қарастыру керек (шет елдерден профессорлар шақырту, шет елге тәжірибе жинақтауға жастарды жіберу, шет елде оқу гранттарын ұсыну).

Шығыс Қазақстан облысында аумақты топографиялық түсірілім жасау қажет, бұл бас жоспарларды әзірлеу үшін негіз болып табылады. Осы аймақта 35 санаторлық орталық болса, көпшілік олардың тек бір-екеуін ғана біледі. Қалғандары туралы көп біле бермейді. Сондықтан, оларды потенциалды тұтынушыларға барынша таныстыру керек. Ол үшін келесі шараларды қолдануға болады:

- ✓ шипажайдың сувенирлік өнімін (брендін) шығару және қосымша табыс көзі ретінде сату;

- ✓ маркетингтік саясатты қолға алып, маркетингтік стратегияны қалыптастыру;

- ✓ жарнама қызметін жақсартып, сайттарды жаңартып, тиімді етіп жұмыс істету;

- ✓ санаторий бастығының айналасында PR жүргізу.

Ол үшін келесі шаралар жүзеге асырылуы қажет:

- ресми басылымдар мен теле- және радио бағдарламаларға қатысу;

- тілшілермен жұмыс істеу; тілшілерге санаторийдің ішкі интерьерін түсіруге рұқсат беру;

- блогерлермен жұмыс істеу.

Осылайша, Шығыс Қазақстан аймағын, әсіресе оның көлдері жағасында курорттық қала салу үшін көлік инфрақұрылымы мәселелерін шешу қажет, жаңа жұмыс орындарын құрып, туристік инфрақұрылымды ұйымдастыру орынды.

Қаланың күйбең тіршілігінен қол босай қалса, туған жерге жол тартқың келіп тұрады. Көзбен көріп, сөзбен жеткізе алмайтын, табиғатына көз тоймайтын, ауылымның көрікті көрінісі көңілге әркез зор қуаныш, туған жерге деген сағыныш сезімін ұялатады. Қорытындылай келе, көркем орындарында - орман массивтерінде, тау жанындағы және саябақ аумақтарында санаторлық мекемелердің қолайлы орналасуына қарамастан, олардың экологиялық жағдайы орнатылған талаптарына сәйкес келмейді. Бірақ, курорттық аясындағы жағдай жағымсыз болып келеді.

Қорытындылай келе, келесідей ой түйіндейміз, бір жағынан, көптеген санаторлық курорттық мекемелер, жалпы сервисті көрсетуге негізгі көңілді бөле бастағанда, өз қызметіндегі медициналық жағына аз көңіл беріле түсті. Екінші жағынан, тамаша табиғи емдік балшықтарға, судың ерекше сапасына, тұздарға, газдарға ие болған аймақтар сервис деңгейі бойынша жақсы нәтижелерді күтеді. Осы жағдайда тепе-теңдікке әкелетіндей, адамдар демалып қана қоймай, сол сияқты емделіп, сауықтырылып, физикалық және моралдық

қалпына келу үшін табиғи байлықтарды, үлкен практикалық тәжірибелерді ескеріп, шетелдік сервистерді үйреніп, емдеудегі озық технологияларды игеріп, шипажайларға енгізу алға қойылса - тек Шығыс Қазақстанда ғана емес, жалпы бүкіл елімізде бар емдеу-сауықтыру орындарының тұрақты дамуына ден қойылар еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 жыл «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»// www.akorda.kz. 15.09.2020
2. Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/> 19.09.2020
3. Юмашова А. К. Оценка современного состояния лечебно-оздоровительного туризма в Республике Казахстан: учебник / Юмашова А. К., Кулумбетова Д. Б. // Вестник казахско-русского международного университета. – 2017. – №. 2. – С. 258 19.09.2020

УДК 338.48

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ВЪЕЗДНОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

А. А. Ахметжанова

aakhmetzhanova98@gmail.ru

магистрант 1-го курса экономического факультета, специальности Туризм ЕНУ им.
Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель- **К. П. Мусина**

Аннотация. В 21 веке многие страны начали развиваться в сфере туризма, за счет чего стали получать большую прибыль, а значит, этот сектор оказывает положительное влияние, так как туризм является одной из составляющих внешнеэкономического сектора. В социально-экономической сфере рынок туризма показывает свое формирование и внедрение в различных отраслях, а также хорошие достижения в стабильном продвижении и стремительном развитии во многих странах, что влияет на развитие сектора экономики как отдельной отрасли в мировой индустрии. и в некоторых странах мира. Каждый раз индустрия туризма, улучшая свои предложения, становится большой отдельной отраслью народного хозяйства каждой страны, удовлетворяющей потребности населения. Поэтому каждая страна старается инвестировать и правильно направлять эту отрасль, чтобы она могла конкурировать на международной арене.

Рассматривая и анализируя развитие международного туризма, можно увидеть поддержку президента Касым-Жомарт Токаева 2019 года 24 августа на Международном туристском форуме Улытау-2019 где он говорит: «Многим иностранным туристам уже давно надоели универсальные вещи - пятизвездочные отели и санатории. Их интерес заключается в изучении культуры, обычаев и традиций разных народов, знакомстве с историей страны пребывания. Поэтому в мире растет спрос на посещение оригинальных мест, участие в исторических фестивалях и реконструкциях важнейших событий давно минувших дней. Мы должны использовать такие тенденции, потому что Казахстану есть что предложить миру» [1].

Ключевые слова: Туризм, Въездной туризм, Экономика, Социальная эффективность.

1. Введение

Сегодня туризм - хороший сектор экономики многих западных стран. Стратегия управления, развития и продвижения международного туризма популяризируется именно в странах с хорошей экономикой. Туризм развивается в тех регионах, где эти ресурсы используются должным образом, что повышает его значение в мировой экономике. Такое развитие международного туризма привлекло множество международных организаций, в том числе тех, кто усовершенствовал эту работу в области международной торговли. Многие из наиболее